

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «САГАДАТ  
НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ  
№72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ  
БЕРЕТИН МЕКТЕБІ»**

шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**БҮЙРЫҚ**

2024 жылғы 16 қыркүйек

Шымкент қаласы

государственное коммунальное предприятие  
на праве хозяйственного ведения

**«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №72 ИМЕНИ  
САГАДАТА НУРМАҒАМБЕТОВА»  
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

**ПРИКАЗ**

№ 361

город Шымкент

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» туралы**

Тәрбие жұмысының бағдарламасын жаңарту бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бүйріғы және Шымкент қаласы білім басқармасының 2024 жылғы 16 қыркүйектегі №10-07-07/5734 санды хаты негізінде

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сінірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асырылсын.
2. 2024-2025 оқу жылынан бастап барлық мұдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен (*келісім бойынша*) «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру туралы жылдық кешенді жоспар бекітілсін.
3. Ұлттық құндылықтар: «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Бірлік және ынтымак», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» және «Жасампаздық және жаңашылдық» бойынша жоспарлы тәрбие жұмыстары жүргізілсін.
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру шеңберінде әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу жобалары («Қамқор», «SMART BALA», «Еңбегі адап - жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Шабыт», «Балалар кітапханасы») жүзеге асырылып, жоғары деңгейде жұмыстар ұйымдастырылсын.
5. Мектептің ата-аналар қауымдастырымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығы», «ДосболLIKE», «Менің бауырым» жобалары шеңберінде іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілсін.
6. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2024-2025 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер назарға алынын.
7. Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда және сынып сағаттарын жоспарлауда қолданылсын

және әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне уақыт бөлінсін.

6. Бекітілген жылдық жоспар бойынша сабак кестесіне сәйкес аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу, жоспарын уақытылы алдын-алып қағаз түрінде бекітіп отыру, сынып жетекшілеріне жүктелсін, орындаамаған жағдайда шара қолданылсын.
7. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ұлттық құндылықтар бағыттарына жетекшілік ету, іс-шаралар ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Т.Құрманбай мен Ж.Ж.Муратоваға міндеттелінсін.
8. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша мектепте күнделікті үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ұлттық ойындар түрінде ұйымдастыру ( асық, тогызықұмалақ, бес тас және т.б.), «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуін, «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу және «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау іс-шаралары ұйымдастырылсын.
9. Апта сайын әнұран орындалып, дәйексөздер арқылы құндылықтырды дәріптеу жұмыстары ұйымдастырылып, дәйексөздер ақпараттық стендерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылсын.
10. Сынып жетекшілерге үнемі әдістемелік көмек беріліп, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілсін.
11. Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ұлттық құндылықтар бағыты негізінде сынып жетекшілердің құжаттары жылына 2 рет тексеріліп, жіберілген кемшіліктермен жұмыстар жүргізілсін.
12. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау, ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Т.Құрманбай мен Ж.Ж.Муратоваға жүктелсін.
13. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

Б.Н.Усманов



Бұйрықпен таныстым: 16.09.24 Г.Т. Құрманбай  
(күні) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым: 16.09.24 Ж.Ж. Муратова  
(күні) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)